

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

- Донца фарфора китайского происхождения;
- Фрагменты донца фарфоровых изделий М. С. Кузнецова, невозможно определить принадлежность к фабрике и датировку [1, с.366-374].

Наличие фарфоровой, в основном чайной посуды конце XIX – начале XX лишь в очередной раз подтверждает, что среди местного населения в чай получил свое распространение именно в этот хронологический промежуток. Об активном распространении чая и его популярности писало большое количество исследователей, тогда ещё, киргиз-кайсацкой степи. Например, Даулбаев Б., в своей работе «Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области с 1830 по 1880 год» писал: «С 1853 года, сначала бедные, а потом и богатые стали заниматься хлебопашеством, и с того же времени киргизы начали жить роскошно и сытно и между прочими предметами роскоши стали употреблять чай. Чай сначала пили из чугунных кумганов (рукомойников), потом из медных чайников и наконец, уже начали пользоваться самоварами. В 1854 году при одном народном собрании, между прочими разговорами, коснулись чаепития и стали считать самовары; при чем оказалось в двух дистанциях, состоящих приблизительно из 2000 кибиток, только еще до 14-ти самоваров, тогда как в настоящее время у прилинейных киргиз на 10 кибиток приходится по одному самовару, а чаю теперь из 10 семейств разве только одно не употребляет» [3, с.46-49].

Таким образом, фрагменты фарфоровой посуды на казахской зимовке многочисленны и отличаются разнообразием и временем изготовления. Установлено, что данные изделия поступали в казахскую степь из разных производственных центров, причем не только российских, но и китайских. А также и то, что особенности распространения этих артефактов по степным просторам отражают специфику быта, в том числе уровень благосостояния их обитателей. Преобладает продукция заводов Кузнецовых из центральных районов Российской империи. Они относятся к массовому производству в России конца XIX – начала XX веков. Наличие фрагментов посуды на казахских зимовках, свидетельствует о торговых связях и финансовом благополучии тех, кто имел возможность покупать и пользоваться такой посудой, цена которой по тем временам была довольно высока, как и чай, который получил распространение в степи в этот период. Фарфоровая и фаянсовая посуда с клеймами позволяет датировать культурный слой, а также получить некоторые сведения о хозяйстве и быте населения рассматриваемого региона.

Список использованных источников и литературы

1. Егинбай А.Е. Тлеугабдулов Д.Т. Дукомбайев А.Т. Проблемы датирования поселений казахов степной Сарыарки: находки бытовых изделий // Материалы XVIII Международного евразийского научного форума «30 лет независимости Республики Казахстан: Исторический курс, вехи развития и перспективы». - Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021, С. 366–374.
2. Мусина Р.Р. Марки российского фарфора (1744-1917 гг.). - М.: Знание, 1995, 80 с.
3. Марциоха В.Г. Чай в казахской степи: История распространения // Лучшая научная работа 2021. - Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2021, С. 46–49.

ӘОЖ 392

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТАСАТТЫҚ

Молдағали Ғани Қайратұлы
ganimoldagali004@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс студенті Астана қ., Қазақстан;
 Ғылыми жетекшісі – З.О. Ибадуллаева.

Тарихтан белгілі әлі күнге дейін адамзат қоршаған ортамен тығыз байланыста және оның ажырамас бөлігі екенін көрсетіп келеді. Мысалы суды айтатын болсақ, ол жүздеген және

мындаған жылдар бойы осы байланыстың элементтерінің бірі болды. Осы тұста Қазақстанның құрғақ климаты халықтың суға деген тәуелділігін арттырды. Сондықтан қазақ қоғамында, көшпенді тұрмыс-тіршілігінде құрғақшылыққа байланысты, құрбандық шалатын «тасаттық» дәстүрі маңызды орын алды. Дәстүрлі қазақ қоғамында халық үнемі тығырықтан шығатын жолды іздеген. Құдаймен арадағы байланыстың күштілігі сонша, кез-келген тығырықтан шығу үшін құрбан шалу дәстүрін кеңінен қолданды.

Тасаттық сөзінің этимологиясына тоқталайық. «Тасаттық» сөзі араб тілінен аударғанда «тассадук» – «құрбандық», «құрбан шалу» деген мағынаны білдіреді. Жаңбыр шақыру дәстүрі түркі халықтарының жаңбырлы тас туралы көне дәуірдегі *джеде, таш, яда, еде, суу-таш, жай тас* аталып, орта ғасырдан XIX ғасырдың аяғына дейін кеңінен тараған ұғымдардан бастау алып отыр. Міне осының негізінде тасаттық шалу пайда болды. «Яда» сөзі Авесталық «jatu» («сиқырлық»), және парсылардың «yadu» (ворожей, «жадашы») түсініктерінен шықты делінеді. Бұл дегеніміз ерте кезеңнен бастап Иран ықпалы ежелгі түріктерге әсер еткенін дәлелдейді. [1, 153-154 бб.]. Кейбір дереккөздерде, джада минералдың түрі, яғни нефритті білдірсе керек. Бұл жаңбырдың жаууына себепші болады деп есептеді және оған иелік ету күш-қуатты білдіреді деп түсінді. Ежелгі бір аңызда осы тасты түрік тілді тайпалардың қаһарман бабасы саналған Оғыз-ханының иеленгені айтылады. Сиқырлы тастың ежелгі түрік атауы Эрзурум (Шығыс Анадолы) жерінде тараған *яд бонджугу* («жад моншак») деген мағынаны білдіреді [2, 163 б.].

Тасаттық ұғымына берген Радловтың анықтамасында: қазақтар күні бүгінге дейін су тасыды, тас бұлақ дейді. Осыған орай: Тас (v) [Kir] = таш разливаться, выступать изъ береговъ - таудан аккан тас пулак, тасса куяр теңізгә дейді [3, 209 б.]. Демек, тасаттық пен тас бұлақ тіркестерінің ізара байланысы болуы әбден мүмкін. Тасаттық (тас ату) етістігінен тумаған секілді. Себебі тасаттық шалу процесінде таспен ату секілді іс-әрекеттер мүлдем орын алмайды. Кей жағдайларда молдалардың қолына тас ұстап тұрып, құран оқып, жаңбыр шақыруы орын алып жатты. Бірақ мұның жоғарыда аталған әрекетке қатысы жоқ.

Негізінен тасаттық ислам дінін ұстанушылар арасында, әсіресе Азия аймағында тараған. Зерттеуші М.Т. Рүстемов «дінге сенген, шала сауатты бұқара тасаттық жасамақ» [4, 129 б.] деп халықтың бұл салтын сынға алған. Яғни, көктегі Құдайға жалбарынған халық құрғақшылық, жұт орын алған уақытта осы ишарат арқылы өз қалауларын білдіріп, көкпен байланыс орнатуға тырысқан. Ал М. Рүстемовтің айтпағы физикалық құбылыстарға байланысты. Жаңбырдың жаууы физикалық үрдіс. Ол атмосферадағы бұлттардың түзілуінен пайда болатын сұйық, ылғалды тамшы. Оны жете түсінбегендіктен бұқара халық осы жолмен жаңбыр шақырған. Бірақ бұл жерде тағы бір ескеретін жайт, әдетте тасаттықтан кейін шынымен жаңбырдың жаууы. Мұны кездейсоқтық деуге де келмейді. Себебі тасаттық шалу процесінен кейін талай мәрте жаңбыр жауғанын көзімізбен көрдік. Демек, оның физикалық астарымен бірге діни астарын да зерттеу маңызды екені айқын.

Тасаттық тәңіршілдік уақытынан бері келе жатқан көне дәстүр. Бірақ, исламның келуімен оның құрылымы сәл өзгеріске ұшырады. Мысалы құрбандық шалу ислам дінінің негізінде пайда болды. Ал оған дейін тасаттық биікке шығып, аспанға қан емес, ақ шашу, төрт-түлік малдың өнімдерін ағынды суға ағызу секілді формада жүзеге асты. Тәңіршілдікте қандай да бір пайда үшін тірі жанды өлтіру немесе қинау деген ой болмаған. Тәңіріне табынып, жалбарынған халықтың үнемі мақсаты жаңбыр шақыру бола бермеген. Кейде бұқара ауыл сыртына жиналып, жақсы тілектерін тілейтін болған (мәселен, батырлар соғысқа аттанғанда).

Қазақтар мен қырғыздар арасында «жадашылар» деп аталатын сиқыршылар – ауа-райын сиқырлаумен айналысты. Жадашы қасиетіне ие болу үшін қолында қасиетті «жай тасы» болу керек болды. Ежелгі сенімдер бойынша: жай тасты кейбір қой мен сиырдың асқазанынан алады, болмаса су құбылыстарын пайдаланып немесе дұға оқу арқылы кәдімгі тасты «жай тасқа» айналдырған деген түсінік бар. «Жай тас» ауа-райына ықпал етуімен қатар, кей кездері кері әсер етеді деген түсініктер де болды. Егер де тас жоғалған жағдайда оны ең бірінші көрген адам ауырып қайтыс болады деген сенім қалыптасқан [5, 120-121 бб.].

«Тасаттық» немесе «құдайы садақа» деп аталатын салт-дәстүр қазіргі таңда да өзінің

маңызын жоғалта қойған жоқ. Олай дейтін себебіміз даланы құрғақшылық басқанда, толасыз жаңбыр жауып су басу қаупі төнгенде, оның алдын алу үшін «тасаттық» рәсімі күні бүгінге дейін орындалып тұрады. Құрбандыққа шалынатын малдың ауру-сырқауы жоқ, әрі күйі жақсы болуы тиіс. Оған жылқы немесе өгізді, кейде қойды да құрбандыққа шалады. Ал керекті тағам ретінде : бауырсақ, тоқаш, қант, шәй сатып алынады. Дәртүрлі ас етіп : қуырдақ, ет асылып немесе палау әзірленеді. «Тасаттық» әдетте бұлақ басында немесе өзен, көлдердің жағасында өткізіледі. Құрбандыққа шалынған малды суға бауыздап қанын ағызу керек деген ақпар таралған. Сонымен қатар кейбір жерлерде сойылған малдың қаны сол жерге көмілуі тиіс деген түсініктер де кездеседі(Алматы және Жамбыл обылыстарында).Осылайша, зарыға күттірген жаңбырды шақыруға болады деп есептеді. Кей жерлерде «тасаттық» ескі бейіттің қасында өткізіліп, құрбандыққа шалынған малдың қаны жерге көміліп тасталған. Ас ішердің алдында және одан кейін имам және жиылған жамағат міндетті түрде Жаратушымызға арнап Құран сүрелерін оқып, Құдайдан жаңбыр сұрап жиналған қауымның дендерінің амандығы үшін жалбарынып, өмірден өткен аруақтарды еске алады. Алла тағала өзінің қасиетті кітабы Құран Кәрімде «Каһф» сүресінде желді «Рахмат» деп айтады. Сондағы рахмат аспандағы бұлттарды бір біріне қағыстырып, әрі-берлі қозғау арқылы жерге нәр құяды. Жаңбыр жердегі қатқан топырақты жібітіп, құраған даланы суландырып, айналаға серпіліс береді. Бұл ғұрып қазақтың дәстүрлі діні Исламда да бар. Біз білетіндей Шарифат бойынша тасаттық кезінде истиска намазы оқылады.

Абай облысы Үржар ауданы Қарақол ауылы тұрғынының айтуынша: «тасаттық» рәсімін Қарақол өзенінің бойында өткізіледі. Үйден бауырсақ, шелпек пісіріп және дәнді дақылдарды өздерімен бірге алып барады. Құрбандыққа шалынатын қойды сол жерде дұғасын оқып, бауыздап, қанын суға ағызады. Және құрбандыққа шалынған малдың қанын ғана емес сонымен қатар ішек-қарнын суға ағызып, терісін сол жерге көмеді. Одан кейін ас әзірлеп барлық адам тамақтан ауыз тиеді. Содан ауылдың молдасы дұғасын оқып барлық жиналған адамдар Жаратушыға жалбарынып жаңбыр сұрайды және жиналғандардың саулығын тілейді. Бұл жақта ерекше атап өтетін жайт: ас ішіп біткен соң барлық тамақты қалдырмай суға ағызады. Өйткені судағы тіршілік иелері қоректеніп, жаңбыр шақырады-мыс. Оның айтуынша: өздерімен бірге жас балаларды да ерте жүреді, себебі жас баланың тілеуі қабыл болады деп ырымдайды екен.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Дияр ауылының тұрғындары тасаттықты бүкіл ауыл болып тойлайды. Алдымен ауыл тұрғындары әр шаңырақтан 2000-3000 тг. көлемінде ақша жинап, осы қаржыға құрбандыққа шалынатын мал мен ет асуға қажетті заттарды(күріш, сәбіз, пияз, өсімдік майы) сатып алады. Сойылатын малдың түсіне аса қатты мән беріледі. Яғни малдың түсі қара болмауы тиіс. Тасаттық рәсімін әдетте жұмаға жоспарлайды. Рәсім өтетін жер негізінде су жағасы немесе бейіттің қасы. Арнайы жазылмаған ереже бойынша ауыл әйелдері әрқайсысы жеті шелпек пісіріп баруға міндетті. Жұма күні таң азанымен, көкжиектен күн көтеріле бастағанда мал сойылады. Сол бойда малдың еті қазанға салынып, ет асылады. Ал ауыл тұрғындары түскі уақытқа таман барады. Алдымен астан дәм татады, содан соң ғана молда құран оқып, дұға тілейді.

Жаңбыр шақыру дәстүрін қазақтар сирек орындады деп айтуға келмейді. Себебі «Представления, культы, обряды у казахов» атты кітапта Түркістанның 1906 жылы дүниеге келген тұрғынының сөзі мысалға алынады. Онда қуаңшылық болған көктем мен жаз кезінде жергілікті молданың 6-7 жастағы шәкірттерімен (мөлшері 20-30 шәкірт) бірге Қожа Ахмет Ясауидың қызы Гауһар ананың кесенесіне барып, құрбандық шалған. Мұнда балалар Алла Тағалада жаңбыр сұрап, дұға тілеген. Имам бір сөзінде сол уақытта дінге деген сенімсіздік көбейіп, салдарынан жалбарыну нәтижесіз аяқталатынын айтып қалды [5, 124-125 бб.].

Ноғайлар да жаңбыр жаудыру рәсімін жасайтын болған. Әдетте балалар яғни қыздар ағаш қуыршақтарды үйден үйге тасып, содан кейін оларды суға лақтырған. Ал дала ноғайлары болса бейіттің айналасына жиылып, зираттардың біріне қуыршақпен су шашады [6, 172-173 бб.].

Армян ұлты жай түсіп өмірден озған марқұмның бас сүйегін зираттан шығарып,

жаңбыр шақыру мақсатында суға тастаған [6, 177-178 бб.]. А.А. Ярлыкаповтың ойынша, «Ноғайлардың жаңбыр шақыру дәстүрі ойда жоқта қайтыс болған, сірә найзағай түсіп өмірден өткен адамның бейітінде болу ғұрпы сақталған» [6, 178 б]. Осы сияқты нанымдардың болуына негіз бар деуге болады. Кейбір дереккөздерге сүйенсек, джада тасы найзағайға синоним ретінде түсіндіріледі [6, 178 б.].

Қазіргі таңда ислам дінінің қазақ қоғамында рөлі барған сайын артып келе жатқанын тасаттық беруден де аңғаруға болады. Бұл дәстүр әдетте мұсылман халқы үшін қасиетті күн саналатын жұма немесе бейсенбі күндеріне арнайлап өткізіліп жүр. Ақмола обылысының Қорғалжын ауданының молдасы бір сөзінде 20 ғасырдың 90 жылдардың орта кезінде «тасаттық ету» рәсімінде малдың басын суға тыстаған. Бертін келе бұл жоралғының сирек кездесетінін айтады. Кейіннен бұл дәстүр кезінде имам Құран аяттарын оқиды, оқылып біткен әр аяттан соң жиналған балалар өзенге бір-бір тастан лақтырып отырған. Осыдан кейін суға түскен тастың саны 70 болуы керек болған. «Бұл жоралғы бұрынғы араб халқының салты болған «шайтанға тас ату» ғұрпы болса керек», - деді ақпарат берушінің сөзіне сүйеніп С. Әжіғали [2, 53 б]. Ол кісінің айтуынша, «тасаттық беру» түсінігі ежелгі бабаларымыз саналатын түркілердің «тас ату», «жаңбыр тасын тасуынан» арабтардың «тасадук» - «құрбандық шалу» дейінгі күрделі мәдени-тарихи интерференцияны көрсетеді [2, 53 б.].

Қорытындылай келгенде «тасаттық» яғни жаңбыр шақыру дәстүрі сонау түркілердің дәуірінен басталып, күні бүгінге дейін сақталып отыр. Бертін келе қазақтардың дәстүрлі қоғамында тұрмыстық исламның құрамдас бөлшегі ретінде орын алды. Оған дәлел ретінде осы ғұрыпты орындау кезінде имамның құран аяттарын оқып, барлық жиылған адам Жаратушыдан жаңбыр жаудыруын сұрап дұға етеді және жаңбыр жауады деген сеніп қалыптасты. Осылайша бұл дәстүр мұсылмандық ғұрыптармен астасып кетті. Және исламнан аутку болып саналмайды.

I. Лахан Ғанияш – Абай обылысы Үржар ауданы Қарақол ауылының тұрғыны. 54 жаста.

II. Бабасов Куандық - Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Дияр ауылының тұрғыны. 46 жаста.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Малов С.Е. Шаманский камень «яда» у тюрков Западного Китая // Совесткая этнография. АН СССР, 1947. №1. С. 151-160.

2. Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сб. статей. Алматы: Ғылым, 2001. С. 35-96. Редакторлары: Б. Е. Хабдина, Ш. А. Ералиева, Т. К. Жәнібекова, Г. А. Хұдайбергенова

3. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдинет лексикасы. Т. 2. Павлодар: Кереку, 2008. 228 б.

4. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдинет лексикасы. Т. 3. Павлодар: Кереку, 2008. 240 б.

5. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX вв.). Алма-Ата: Қазақ Университеті, 1992 176 с.

6. Ярлыкапов А.А. Обряд вызывания дождя у ногайцев // Ислам и народная культура. Москва: Институт этнологии и антропологии им. Н.Н.Миклухо-Маклая, 1998. 226 с.